"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ ТҮРКІСТАН
ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ"
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
"ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО ТУРКЕСТАНСКОЙ
ОБЛАСТИКОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН"

160002, Шымкент к., Водопьянов көшесі, 14-ғимарат 160002, г. Шымкент, ул. Водопьянова, 14-здания
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
ММ код 2170025, СТН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 000000 Код ГУ 2170025, РНН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000
ОҚО бойынша Қазынашылық Департаменті БСН 000440001616Департамент Казначейства по ЮКО БСН 000440001616

25.03.2021-ғы № 03-18/1364 шығыс хаты

«Абылай Орда» ЖШС-не

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Түркістан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті *(бұдан әрі - Департамент)* Сіздің 02.03.2021 жылғы №89118, 89079 өтініштеріңізге төмендегіні хабарлайды.

Отырар ауданы әкімдігінің «Отырар ауданының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесімен (бұдан әрі – Ұйымдастырушы) мемлекеттік сатып алу веб-порталында ашық конкурс тәсілімен жарияланған №5311007-2 «Отырар ауданының ішкі көшелерін орта жөндеу» және №5310908-2 «"Түркістан облысы, Отырар ауданының ішкі көшелерін орта жөндеу" жұмыстары» (бұдан әрі - Конкурстар) мемлекеттік сатып алуларға камералдық бақылау жұмыстары жүргізілді.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының (бұдан әрі – Қағида) 8-3 қосымшасына сәйкес, төменде келтірілген құжаттар мен онда келісілген шарттар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып табылады, атап айтқанда:

1) осы Шарт;

2) сатып алынатын көрсетілетін қызметтер тізбесі (1-қосымша);

3) техникалық ерекшелік (2-қосымша).

Конкурсты зерттеу барысында, Конкурстық құжаттама қосымша сметалық құжаттама түрінде файлдары бар техникалық ерекшелікті қамтитындығы анықталды.

Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі №409 «Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (ерекше бөлім)» Кодексінің 654 бабының 1 тармағына сәйкес, Мердігер құрылысты және оған байланысты жұмыстарды жұмыстың көлемі мен мазмұнын және жұмысқа қойылатын басқа да талаптарды айқындайтын жобалау құжаттамасы мен жұмыстың бағасын айқындайтын сметаға сәйкес жүзеге асыруға міндетті.

Шартта өзге нұсқаулар болмаған кезде мердігер жобалау-құжаттамасында және сметада (жобалау-сметалық құжаттамада) көрсетілген барлық жұмыстарды орындауға міндетті деп түсініледі.

Әлеуетті өнім беруші «Абылай Орда» ЖШС-нің конкурстық өтінімін зерделеу барысында, конкурстық өтінімнің құрамында конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін техникалық ерекшеліктер ұсынылғандығы

анықталды, атап айтқанда сметалық құжаттама түрінде қосымша құжаттар ұсынылмаған.

Қағиданың 150 тармағының 2) тармақшасына сәйкес, әлеуетті өнім беруші (конкурсқа қатысушы болып танылған) конкурсқа жіберілмейді егер оның конкурсқа қатысуға өтінімі келесі негіздемелер бойынша конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейді деп айқындалса:

- әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін техникалық ерекшелікті ұсынуы, сондай-ақ техникалық ерекшелікте талап етілетін құжаттарды ұсынбауы;

Осыған орай, Қағиданың 150-тармағының 2-тармақшасына сәйкес «Абылай Орда» ЖШС-нің конкурстық өтінімі Конкурстарға қатысудан шеттетілуге жатады.

Камералдық бақылау – ҚР ҚМ 30.11.2015 жылғы №598 «Камералдық бақылау жүргізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 19 тармағына және Заңның 47 бабы 5 тармағына сәйкес жүргізілгенін мәлімдей келе, мәлімделген талаптар (дәлелдер) шегінде қаралған.

Уәкілетті органның «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы № 221 Заңының 12.14-бабына сәйкес қабылданған шешімімен келіспеген жағдайда, сіз жоғары тұрған органға немесе сотқа жүгінуге құқығыңыз бар.

Бұл ретте, ҚР 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 47 бабы 9 тармағына сәйкес, дауларды сотқа дейін реттеу тәртібі міндетті болып табылады.

Департамент басшысының
орынбасары **Т.Тултебаев**

Орын:✍: А№Шопчекбаев
☎: 8-7252-35-00-35

О.Ажибеков